

2024-2026 жылдарға арналған Аққайың ауданының Полтавка ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 13-8 шешімі

Ескерту. 01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі – осы шешімнің 6-тармағымен.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 9-1, 75-баптарына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2024-2026 жылдарға арналған Аққайың ауданының Полтавка ауылдық округінің бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2024 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 181124,9 мың теңге:

салықтық түсімдер – 6477 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 273 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 174374,9 мың теңге;

2) шығындар – 183756,9 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу - 0 мың теңге:

бюджеттік кредиттер - 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу - 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) - - 2632 мың теңге;

5-1) бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы (профициті) - 0 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 2632 мың теңге:

қарыздар түсімі - 0 мың теңге;

қарыздарды өтеу - 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары - 2632 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 27.03.2024 № 15-12 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 16.10.2024 № 20-20 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. 2024 жылға арналған ауылдық округ бюджетінің кірістері Қазақстан Республикасы Бюджет кодексіне сәйкес мына салықтық түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

1) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында мемлекеттік кіріс органдарында тіркеу есебіне қою кезінде мәлімделген:

дара кәсіпкер, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіпқой медиатор үшін – тұрған жері;

қалған жеке тұлғалар үшін – тұрғылықты жері орналасқан жеке тұлғалар дербес салық салуға жататын кірістер бойынша жеке табыс салығы;

2) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің аумағындағы осы салықты салу объектілері бойынша жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық;

3) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағындағы жер учаскелері бойынша жеке және заңды тұлғалардан алынатын, елді мекендер жерлеріне салынатын жер салығы;

4) бірыңғай жер салығы;

5) мыналардан:

тұрғылықты жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағындағы жеке тұлғалардан;

өздерінің құрылтай құжаттарында көрсетілетін тұрған жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында орналасқан заңды тұлғалардан алынатын көлік құралдары салығы;

б) жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы;

7) сыртқы (көрнекі) жарнаманы:

аудандық маңызы бар қаладағы, ауылдағы, кенттегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің аумақтары арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде;

елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастырғаны үшін төлемақы.

3. Ауылдық округ бюджетінің кірістері мына салықтық емес түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

1) аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін салатын айыппұлдар;

2) жеке және заңды тұлғалардың ерікті түрдегі алымдары;

3) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігінен (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінен) түсетін кірістер:

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының шешімімен құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігіндегі (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігіндегі) заңды тұлғаларға қатысу үлестеріне кірістер;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігінің (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінің) мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігінен (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінен) түсетін басқа да кірістер;

4) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне түсетін басқа да салықтық емес түсімдер.

4. Мыналар аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер болып табылады:

1) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттерінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітіп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін ақша;

2) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдерді қоспағанда, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

3) жер учаскелерін жалға беру құқығын сатқаны үшін төлемақы.

5. Аудандық бюджеттен ауылдық округ бюджетіне табысталған бюджеттік субвенция сомасы 51046 мың теңге көлемінде белгіленсін.

6. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Аққайың ауданы мәслихатының төрағасы*

Е. Жәкенов

Солтүстік Қазақстан облысы
Аққайың ауданы мәслихатының
2023 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 13-8 шешіміне
1-қосымша

2024 жылға арналған Аққайың ауданының Полтавка ауылдық округінің бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 27.03.2024 № 15-12 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 16.10.2024 № 20-20 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|--------|--------|-------------|---|----------------------|
| | | | 1) Кірістер | 181124,9 |
| 1 | | | Салықтық түсімдер | 6477 |
| | 01 | | Табыс салығы | 1217,6 |
| | | 2 | Жеке табыс салығы | 1217,6 |
| | 04 | | Меншікке салынатын салықтар | 5026,1 |
| | | 1 | Мүлікке салынатын салықтар | 127 |
| | | 3 | Жер салығы | 7,1 |
| | | 4 | Көлік құралдарына салынатын салық | 2642 |
| | | 5 | Бірыңғай жер салығы | 2250 |
| | 05 | | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар | 233,3 |
| | | 3 | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер | 233,3 |
| 2 | | | Салықтық емес түсімдер | 273 |
| | 01 | | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер | 273 |
| | | 5 | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер | 273 |
| 3 | | | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер | 0 |
| 4 | | | Трансферттердің түсімдері | 174374,9 |

| | | | | | |
|-------------------|--------------|----------------------------------|------------|--|-------------------|
| | 02 | | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 174374,9 |
| | | | 3 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер | 174374,9 |
| Функционалдық топ | Кіші функция | Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
| | | | | 2) Шығындар | 183756,9 |
| 01 | | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 38843,7 |
| | 1 | | | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар | 38843,7 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 38843,7 |
| | | | 001 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 37508,2 |
| | | | 022 | Мемлекеттік күрделі шығындар | 1335,5 |
| 07 | | | | Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық | 20797,6 |
| | 2 | | | Коммуналдық шаруашылық | 257 |

| | | | | | |
|----|---|-----|-----|---|---------|
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 257 |
| | | | 014 | Елді мекендерді с у м е н жабдықтауды ұйымдастыру | 257 |
| | 3 | | | Елді мекендерді абаттандыру | 20540,6 |
| | | 124 | | Аудандықмаңыз ы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 20540,6 |
| | | | 008 | Е л д і мекендердегі көшелерді жарықтандыру | 3238 |
| | | | 009 | Е л д і мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 500 |
| | | | 011 | Елді мекендерді абаттандыру м е н көгалдандыру | 16802,6 |
| 08 | | | | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік | 19335,8 |
| | 1 | | | Мәдениет саласындағы қызмет | 19335,8 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 19335,8 |
| | | | 006 | Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау | 19335,8 |
| 12 | | | | Көлік және коммуникация | 500 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|----|---|-----|-----|--|----------|
| | 1 | | | Автомобиль көлігі | 500 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 500 |
| | | | 013 | Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 500 |
| 13 | | | | Басқалар | 104279,8 |
| | 9 | | | Басқалар | 104279,8 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 104279,8 |
| | | | 057 | "Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру | 104279,8 |
| | | | | 3) Таза бюджеттік кредиттеу | 0 |
| | | | | Бюджеттік кредиттер | 0 |
| | | | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 0 |
| | | | | 4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо | 0 |
| | | | | | |

| | | | | |
|--------|--------|-------------|---|-------------------|
| | | | Қаржы активтерін сатып алу | 0 |
| | | | Мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | 0 |
| | | | 5) Бюджет тапшылығы (профициті) | (-2632) |
| | | | 5-1) Бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы (профициті) | 0 |
| | | | 6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) | (2632) |
| | | | Қарыздар түсімі | 0 |
| | | | Қарыздарды өтеу | 0 |
| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
| 8 | | | Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары | 2632 |
| | 01 | | Бюджет қаражаты қалдықтары | 2632 |
| | | 1 | Бюджет қаражатының бос қалдықтары | 2632 |

Солтүстік Қазақстан облысы
Аққайың ауданы мәслихатының
2023 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 13-8 шешіміне
2-қосымша

2025 жылға арналған Аққайың ауданының Полтавка ауылдық округінің бюджеті

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|--------|--------|-------------|-------------------|-------------------|
| | | | 1) Кірістер | 58817 |
| 1 | | | Салықтық түсімдер | 6703 |
| | 01 | | Табыс салығы | 1223 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|----|---|--|-------|
| | | 2 | Жеке табыс салығы | 1223 |
| | 04 | | Меншікке салынатын салықтар | 5226 |
| | | 1 | Мүлікке салынатын салықтар | 136 |
| | | 3 | Жер салығы | 15 |
| | | 4 | Көлік құралдарына салынатын салық | 2814 |
| | | 5 | Бірыңғай жер салығы | 2261 |
| | 05 | | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар | 254 |
| | | 3 | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер | 254 |
| 2 | | | Салықтық емес түсімдер | 351 |
| | 01 | | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер | 351 |
| | | 5 | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер | 351 |
| 3 | | | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер | 0 |
| 4 | | | Трансферттердің түсімдері | 51763 |
| | 02 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 51763 |
| | | | | |

| | | | | | |
|-------------------|--------------|----------------------------------|------------|--|-------------------|
| | | | 3 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер | 51763 |
| Функционалдык топ | Кіші функция | Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
| | | | | 2) Шығындар | 58817 |
| 01 | | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 32579 |
| | 1 | | | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар | 32579 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 32579 |
| | | | 001 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 32579 |
| 07 | | | | Тұрғын-үйкоммуналдық шаруашылық | 4975 |
| | 3 | | | Елдімекендерді баттандыру | 4975 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 4975 |
| | | | 008 | Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру | 3400 |

| | | | | | |
|----|---|-----|-----|--|-------|
| | | | 009 | Е л д і мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 525 |
| | | | 011 | Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру | 1050 |
| 08 | | | | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік | 20738 |
| | 1 | | | Мәдениет саласындағы қызмет | 20738 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 20738 |
| | | | 006 | Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау | 20738 |
| 12 | | | | Көлік және коммуникация | 525 |
| | 1 | | | Автомобиль көлігі | 525 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 525 |
| | | | 013 | Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 525 |
| | | | | 3) Таза бюджеттік кредиттеу | 0 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|--------|--------|--|-------------|---|-------------------|
| | | | | Бюджеттік кредиттер | 0 |
| | | | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 0 |
| | | | | 4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо | 0 |
| | | | | Қаржы активтерін сатып алу | 0 |
| | | | | Мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | 0 |
| | | | | 5) Бюджет тапшылығы (профициті) | 0 |
| | | | | 5-1) Бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы (профициті) | 0 |
| | | | | 6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) | 0 |
| | | | | Қарыздар түсімі | 0 |
| | | | | Қарыздарды өтеу | 0 |
| Санаты | Сыныбы | | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
| 8 | | | | Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары | 0 |
| | 01 | | | Бюджет қаражаты қалдықтары | 0 |
| | | | 1 | Бюджет қаражатының бос қалдықтары | 0 |

Солтүстік Қазақстан облысы
Аққайың ауданы мәслихатының
2023 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 13-8 шешіміне
3-қосымша

2026 жылға арналған Аққайың ауданының Полтавка ауылдық округінің бюджеті

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|--------|--------|-------------|---|----------------------|
| | | | 1) Кірістер | 60303 |
| 1 | | | Салықтық түсімдер | 6934 |
| | 01 | | Табыс салығы | 1284 |
| | | 2 | Жеке табыс салығы | 1284 |
| | 04 | | Меншікке салынатын салықтар | 5384 |
| | | 1 | Мүлікке салынатын салықтар | 142 |
| | | 3 | Жер салығы | 15 |
| | | 4 | Көлік құралдарына салынатын салық | 2954 |
| | | 5 | Бірыңғай жер салығы | 2273 |
| | 05 | | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар | 266 |
| | | 3 | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер | 266 |
| 2 | | | Салықтық емес түсімдер | 369 |
| | 01 | | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер | 369 |
| | | 5 | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер | 369 |
| 3 | | | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер | 0 |
| | | | | |

| | | | | | |
|-------------------|--------------|----------------------------------|------------|--|-------------------|
| 4 | | | | Трансферттердің түсімдері | 53000 |
| | 02 | | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 53000 |
| | | | 3 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер | 53000 |
| Функционалдық топ | Кіші функция | Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
| | | | | 2) Шығындар | 60303 |
| 01 | | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 33214 |
| | 1 | | | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар | 33214 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 33214 |
| | | | 001 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 33214 |
| 07 | | | | Тұрғын-үйкоммуналдық шаруашылық | 5224 |
| | 3 | | | Елді мекендерді баттандыру | 5224 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|----|---|-----|-----|---|-------|
| | | 124 | | Аудандықмаңыз ы бар қала, ауыл , кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 5224 |
| | | | 008 | Е л д і мекендердегі көшелерді жарықтандыру | 3570 |
| | | | 009 | Е л д і мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 551 |
| | | | 011 | Елді мекендерді абаттандыру м е н көгалдандыру | 1103 |
| 08 | | | | Мәдениет, спорт , туризм және ақпараттық кеңістік | 21314 |
| | 1 | | | Мәдениет саласындағы қызмет | 21314 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 21314 |
| | | | 006 | Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау | 21314 |
| 12 | | | | Көлік және коммуникация | 551 |
| | 1 | | | Автомобиль көлігі | 551 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 551 |
| | | | 013 | Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық | 551 |

| | | | | | |
|--------|--------|--|-------------|---|----------------------|
| | | | | округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | |
| | | | | 3) Таза бюджеттік кредиттеу | 0 |
| | | | | Бюджеттік кредиттер | 0 |
| | | | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 0 |
| | | | | 4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо | 0 |
| | | | | Қаржы активтерін сатып алу | 0 |
| | | | | Мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | 0 |
| | | | | 5) Бюджет тапшылығы (0 профициті) | 0 |
| | | | | 5-1) Бюджеттің мұнайға қатысты еместапшылығы (профициті) | 0 |
| | | | | 6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (0 профицитін пайд алану) | 0 |
| | | | | Қарыздар түсімі | 0 |
| | | | | Қарыздарды өтеу | 0 |
| Санаты | Сыныбы | | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
| 8 | | | | Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары | 0 |
| | 01 | | | Бюджет қаражаты қалдықтары | 0 |
| | | | | | |

| | | | | |
|--|--|---|-----------------------------------|---|
| | | 1 | Бюджет қаражатының бос қалдықтары | 0 |
|--|--|---|-----------------------------------|---|

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК